



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 3 1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2008 ЖЫЛҒЫ 3 ҚАЗАН
Халықаралық резервтер, ақша базасы
және ағымдағы жылғы қазанда
ноталар шығарудың кестесі туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 30 қыркүйекте мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	21 946,9	21 836,0
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	19 920,8	19 920,8
Алтын	2 026,1	1 915,2
Ақша базасы, млрд. теңге	1 754,9	1 754,9
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 546,6	1 546,6
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	208,2	208,2
KZT/USD (кезең аяғында)	119,81	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	876,50	828,50

¹ теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

² ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

³ Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

⁴ ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 0,9%-ға (немесе 204,1 млн. долл.) өсті.

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу бойынша операциялар, Үкіметтің шотына валютаның түсуі, сондай-ақ жүргізілген операциялар нәтижесінде алтындағы активтердің ұлғаюы және оның бағасының әлемдік нарықтарда 5,3%-ға ұлғаюы Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен бейтараптандырылды. Бұдан басқа екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары төмендеді.

Нәтижесінде, таза валюта қорлары (СКВ) 63,7 млн. долл., алтындағы активтер 140,4 млн. долл. ұлғайды.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 27 560,8 млн. долл.) бір айда 2,5% ұлғайды және 49 514,0 млн. долл. болды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі 2008 жылғы қыркүйекте ақша базасының 0,2%-ға (немесе 4,0 млрд. теңгеге) шамалы кеңеюіне себепші болды.

2. Ұлттық Банк ноталарының 2008 жылғы қазанда шығарылу кестесі.

2008 жылғы қазанда Ұлттық Банк Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 5 аукционын өткізеді.

Күні	Айналыс мерзімі, күн	Шығарылымның жарияланған көлемі, млрд. теңге
03.10.2008	28	50
10.10.2008	28	50
17.10.2008	28	50
24.10.2008	91	50
31.10.2008	28	50